

Сарыағаш аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш аудандық мәслихатының 2015 жылғы 26 маусымдағы № 41-370-V шешімі

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 7 бабының 5 тармағына сәйкес, Сарыағаш аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Сарыағаш аудандық мәслихатының төмендегі шешімдерінің күші жойылды деп т а н ы л с ы н :

1) 2013 жылғы 18 қазандағы № 21-173-V «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2398 тіркелген, «Сарыағаш» газетінде 2013 жылғы 15 қарашада ж а р и я л а н ғ а н) ;

2) 2014 жылғы 20 ақпандағы № 28-214-V «Сарыағаш аудандық мәслихатының 2013 жылғы 18 қазандағы № 21-173-V «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы» шешіміне толықтыру енгізу туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2570 тіркелген, «Сарыағаш» газетінде 2014 жылғы 11 сәуірде жарияланған);

3) 2015 жылғы 27 наурыздағы № 40-343-V «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы» Сарыағаш аудандық мәслихатының 2013 жылғы 18 қазандағы № 21-173-V шешіміне өзгерістер енгізу туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3139 тіркелген, «Сарыағаш» газетінде 2015 жылғы 24 сәуірде жарияланған).

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы

Ә.Баратов

Аудандық мәслихат хатшысы

Б.Садықов